

2003 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Шарбақты аудандық әкімиятының 2003 жылғы 7 наурыздағы N 46/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 17 сәуірде N 1730 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты еңбекпен қамту туралы" Заңының N 149-III, 7 бабындағы 6 тармағын, 5 бабындағы 2 тармағын жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі қағида бекітілсін (1 қосымша).

2.Жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды мұқтаж етуші мақсатты топтары бекітілсін (2 қосымша).

3.Еңбекпен қорғау бөлімі кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыстарды орындау үшін келісім-шарт бекітсін, мақсатты топтағы жұмыссыздардың басым бағыттарын қамтамасыз етсін.

4.Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыруды аудандық бюджет қаржысы есебінен 030 "Еңбекпен қамту бағдарламасы" жөніндегі бағдарлама бойынша, 033 "Халықты еңбекпен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" туралы қосымша бағдарлама бойынша және жұмыс берушінің өтінішіне байланысты оның қаржысы есебінен жүргізілсін.

5.Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.С. Теміржановаға жүктелсін.

Аудан әкімі

1 қосымша
аудан әкімдігінің
2003 жылғы 7 наурыздағы
"2003 жылы әлеуметтік
жұмыс орындарын
ұйымдастыру туралы"
қаулысымен бекітілді

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру туралы Қағида

Осы қағида халықтың мақсатты тобының ішінен жұмыссыздарды еңбекке орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландырудың ретін анықтайды, (меншік құрылымына қарамастан) әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдармен негізгі жағдайды және есеп айырысу жүйесін реттейді.

1. Жалпы Ереже

1.Осы қағидада қолданылатын негізгі түсініктемелер:

1) әлеуметтік жұмыс орны еңбекке қамту бөлімінде тіркеуге алынған жұмыссыз азаматтарды еңбекке орналастыру үшін жұмыс берушілер мен құрылған жергілікті бюджет қаржысы есебінен қабылданған жұмысшылардың еңбекақысын бөлшектеп немесе толық өтемақы шығынын төлейтін, жұмыс берушілермен құрылған-жұмыс о р н ы .

2) мақсатты топтар - Қазақстан Республикасының "Халықты еңбекпен қамту туралы" Заңымен белгіленген жұмысқа орналасу үшін қиыншылықтарды бастап кешкен әлеуметтік қорғауды талап етуші тұлғалардың тобы.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек туралы, зейнеткерлікті және сақтандыруды қамтамасыз ету т у р а л ы тү с і н д і р і л е д і .

3) Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға жіберуді еңбекпен қамту бөлімі іске асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оған жұмыссыздарды жұмысқа орналастырудың реті.

4.Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздарды жұмысқа орналастыратын немесе осы жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың жекелей немесе толық еңбекақысын төлейтін жағдайда құрылған кәсіпорындар мен ұйымдар болып саналады.

5.Еңбекпен қамту бөлімі әлеуметтік жұмыс орындары берілген кәсіпорындар және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мерзімін және жағдайын орындау үшін келісім-шарт бекітеді.

6.Еңбекпен қамту бөлімімен келісім шарт бекіткен кезде алдағы уақытта ұдайы жұмыс орындарына жұмысқа қабылдау кепілдік беруші, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құрушы кәсіпорындар мен ұйымдарға жоғары баға беріледі.

7.Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу аудандық еңбекпен қамту бөлімінің келісімімен іске асырылады.

8.Кәсіпорындар мен ұйымдарға әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыссыздар еңбекпен қамту бөлімінің есебінен шығарылады.

9.Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмысшылардың еңбекақы төлемінің мөлшері қазақстан Республикасының нормативтік заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарының дереккөздері және қаржыландыру жағдайы.

10.Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері; жұмыс берушілердің және жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жүргізіледі.

11.Әлеуметтік жұмыс орындарын жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржыландыру 033 "Халықты еңбекпен қамту саласындағы әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралары" жөніндегі бағдарлама бойынша іске асырылады.

12.Әлеуметтік жұмысқа орналасқан жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу жұмыс

берушінің шығындары бойынша жергілікті бюджет қаржысы есебінен белгіленген еңбекақы төлемінің 50 пайызы мөлшерінде төленеді, бірақ республика бойынша белгіленген ең аз еңбекақыдан кем болмайды.

Бюджет қаржысынан ақша аудару жөніндегі есеп айырысу жұмыс берушінің есепшоты арқылы жүргізіледі.

13.Ұйымдардағы мақсатты топтардың ішінен жұмыссыздардың жеке санаты үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құрған кезде қабылданған жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу үшін өтемақы шығыны толық жергілікті бюджеттен қаржысынан төленеді.

4.Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тәртібін және қаржыландыруды бақылау

Мемлекеттік органдар белгіленген заң тәртібінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі Ережелердің, орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

2 қ о с ы м ш а
а у д а н
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 7
" 2 0 0 3 ж ы л ы
ж ұ м ы с о р ы н д а р ы н
ұ й ы м д а с т ы р у
қаулысымен бекітілді
т у р а л ы "

Шарбақты ауданы бойынша халықтың мақсатты топтарының ТІЗБЕСІ:

№пп	Халықтың мақсатты топтарының атаулары
1.	Аз қамтамасыз етілгендер.
2.	21 жасқа дейінгі жастар.
3.	Балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім-балалар және 23 жасқа дейінгі ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар.
4.	Жалғызбасты, көпбалалы ата-аналар, кәмелетке толмаған тәрбиеленушілер.
5.	Қазақстан Республикасының заң тәртібінде белгіленген ұдайы қадағалауды және күтуді қажет ететін тұлғалар.
6.	Зейнеткерлікке дейінгі жастағы тұлғалар(зейнеткерлікке шығуға жасы 2 жыл қалғандар)
7.	Мүгедектер
8.	Қазақстан Республикасының қарулы Күштерінің қатарынан шыққан тұлғалар.
9.	Репатрианттар (оралмандар)
10.	50 жастан үлкен жұмыссыз азаматтар.

